

3

«Біздің күшіміз — бірлікте»



4

Елуде де кеш емес



Сыр бойы

16 мамыр, бейсенбі 2024 жыл

№74 (20748)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзерді қабылдады.

Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзер екіжақты экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Германия Қазақстанның Еуропа Одағындағы стратегиялық серіктесі саналады. Сауда-экономикалық қатынастар қарқынды дамып келеді. Сондай-ақ неміс бизнесі Қазақстандағы үлесін кеңейтуге қызығушылық танытып отыр.

Президент былтыр Қазақстанға Германиядан тартылған тікелей инвестиция көлемі 64

пайызға өсіп, 770 миллион долларға жеткенін атап өтті. Бұл — рекордтық көрсеткіш.

Кездесуде ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселесіне де ерекше назар аударылды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін Орнықты егіншіліктің аймақтық орталығын құру жөнінде ұсыныс айтқанын еске салды. Президенттің пікірінше, бұл орталық еліміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша толық пайдалануға, инновациялық технологияларды енгізуге және оларды коммерцияландыруға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның аграрлық әлеуетін дамытуға CLAAS зауытының қосқан үлесін жоғары бағалады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТУРИЗМГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА СЕРПІН БАР

Сейсенбідегі Үкімет отырысының күн тәртібінде туризмді дамыту мәселесі қаралды. Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәселенің маңыздылығын баса айтып, жауапты басшыларға бірқатар тапсырма берді.

— Елімізде туризмді дамыту — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл арқылы біз өңірдің экономикалық жағдайының жақсара түсуіне, әлеуметтік мәсе-

делердің шешілуіне қол жеткіземіз. «Туристік қызмет туралы» Заң аясында мемлекеттік қолдаудың нақты тетіктері айқындалды.

Өткен жылы Үкімет «ҚР Туристік

саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті. Осындай бастамалар мен реформалар туризмнің дамуына тың серпін берді. Өткен жылдың қорытындысымен туризм саласындағы нысаналы индикаторлардың орындалу көрсеткішінде оң динамика қалыптасты. ҚР Туризм және спорт министрлігі бекіткен жоспар аясында, салаға салынған инвестиция көлемі 20,7

млрд теңгені құрап, жоспар 201 пайызға орындалды, — деді аймақ басшысы.

Дегенмен, кейбір аудандарда Қызылорда облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес белгіленген жежені орындалу барысы төмен. Нұрлыбек Машбекұлы аудан әкімдеріне қажетті шара қабылдап, жұмыс қарқынын жылдамдатуды тапсырды.

2-бет

/// 15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

БІР АУЫЛҒА АЙНАЛҒАН ӘУЛЕТ

Бүгінде қос келінді бір шаңырақ астына ұстауды жаңалық көріп жүрміз. Ал сегіз келіннің бесеуі бір үйге шоғырланғанын естіп пе едіңіз?! Иә, шалыс оқыған жоқсыз. Шиелі ауданында он бір баланың бақытына бөленіп отырған отбасы бар. Бала қызығын көру деген осы болса керек. Қазір ғой Еуропаға еліктеп, есімізден танып жүргеніміз. Әйтпесе көпбалалы болу — қазақтың қанында бар қасиет. Бұл — Шиелі ауданы «Ақтоған» ауылындағы Сейтжановтар отбасы. Бақыттың адал еңбектен тапқан әулет ауылдастарының сый-құрметіне бөленіп келеді.



Отбасы Әбдімәлік отанасы Бактыгүл екеуі өмірге 9 ұл, 2 қыз әкелді. Балалары мен келіндерінің бәрі жоғары білімді. Бүгінде сегіз ұлдан 40 немере, 11 шөбере тарап, ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда.

Тоғызыншы ұл да биылдан қалмай той қылмақ ниетте. Әулеттің қос қызы Сырғаш пен Агерке аналары секілді ізгілік жолды жаңғыртып жүр. Өке тәрбиесі мен ана мейіріміне бөленген шуақты шаңырақ ұлттық тәрбиені өзек етіп келеді.

— Көпбалалы болғаным шүкір айтып, қуанамын. Балаларым бір-біріне қарайласады, көмектеседі. Ешкімнен көмек күтпейді. Әйел үшін бұдан артық бақыт жоқ, — дейді алтын құрсақты ана.

Ұрпақ жалғастығы қай ұлт үшін де өте маңызды. Көпбалалы үйдің балалары бауырмал келеді. Бір-біріне қарайласып, көмектесіп жүрген балаларды көріп сүйсінесің. Бұл — біріншіден, ата-анасынан алған тәрбиенің жемісі.

Әбдімәлік ақсақал ұзақ жыл ауылшаруашылық саласында механикатор болып еңбек етті. Жастайынан Жер-ананың қасиетін ұғынып, несібесін молынан тапты. Содан болар жомарт жерге дән сеуіп, ұрпағын еңбекке баулыды. Сөйтті де, егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысты.

Уақыт өте келе балалары қолғанат болды. Ұлдары жылқы баптап, күрші екті. Келіндері қымзы сапырып, құрт-май жасап отыр.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген, барлығы әулетке ортақ шаруашылық жұмысын бірлесіп атқаруда. Міне, «Негізінде бар ізгілік түбінде танылады» деген осы болса керек. Еңбектенген адам тауды да, тасты да қопарады деген ұстанымды бағдар еткен әулет заман көшінен қалмай алға ұмтылып

отыр. Жалпы, қожалық иелігінде 1263 гектар жер бар. Оның 400 гектары — егістік алқабы, қалған 863 гектары — жайылымдық жер. Қос қария білгенін балаларына үйретіп, келіндеріне қолғабы болып жүреді. Келіндері де — көпбалалы ана. Үлкен ұлының отбасында жеті бала жетіліп, жоғары оқу ор-



қалады. Әбдімәлік қария әулеттің басты қағидасы — еңбек пен кәсіп екенін айтады.

Бүгінде отбасылық кәсіпті дамытып отырған әулет күн көзінен қуат алатын қондырғы орнатып, шағын цех ашты. Биыл 250 гектар жерге күрші, 80 гектарға мақсары, 5 гектарға бақша дақпылын егіп

нында білім алуа. Одан кейінгі шаңырақта алтын асықтай алты бала өсіп келеді. Міне, осылайша әрқайсысында кемі 4-5 баладан бар. Барлығы бас қосқанда құлды бір ауыл жиналғандай көңіл құсын көкке шарлағандай.

Тұрар БЕКМҮРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

«ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ» — ЭЛЕКТРОНДЫ ЖАРШЫ

2024 жылдың басынан бастап «Отбасының цифрлық картасының» көмегімен 785 азамат SMS-ке келісім берген. Нәтижесінде олар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем алатын мүмкіндікке ие болды. Оның ішінде 765 адам жұмысынан айырылуы және 20 адам бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем алған. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлім етті.

«Отбасының цифрлық картасы» азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілді мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуға құқылы екенін жеткізіп отыратын «электрондық жаршы» қызметін атқарады.

«Қазіргі уақытта ОЦК әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу бар қазақстандықтарға қандай да бір өтініштеріңіз МӨСК-дан әлеуметтік төлемдердің мынадай 3 түрін рәсімдеуге мүмкіндік береді: еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда, жұмысынан айырылған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер», — делінген хабарламада.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 40 МЫҢ НЕКЕ ТІРКЕЛГЕН

Өткен 10 айда 103 мыңнан астам неке тіркелген, ал 2024 жылдың басынан бері 40 мың жаңа отбасы құрылды. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» ҰАҚ мәлімдеді.

Неке саны бойынша Алматы, Астана және Шымкент қалалары көш бастап тұр.

Сондай-ақ 2023 жылдың шілдесінен бастап елімізде 328 мың сәби дүниеге келген.

«Қазіргі таңда «Азаматтарға арналған үкімет» Астанада, Қарағандыда, Алматыда және Қостанайда некені салтанатты түрде тіркейді және бұл қызметті басқа қалаларда енгізуді жоспарлап отыр» делінген хабарламада.

Сонымен қатар, баланың өмірге келуіне байланысты тіркеу рәсімін салтанатты түрде өткізуді енгізу жоспарланып отыр. 2023 жылғы 1 шілдеде «Азаматтарға арналған үкіметке» азаматтық хал актілерін тіркеу функциялары берілген болатын.

УАҚЫТ ТАҒЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?

Биыл еліміз бірыңғай уақыт белдеуіне көшті. Өзгеріске қарсы шыққан қазақстандықтар бұрын қолданыста болған уақыт белдеуін қайтару жөніндегі петиция жариялады. Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев петицияға қатысты түсінік берді.

«Петиция биыл 19 сәуірде басталды. Қазір 1 мыңнан астам адам дауыс берген, біз ескертулерді мұқият бақылаймыз. Регламент бойынша біз алдымен петицияның нәтижесін күтеміз, содан кейін оны қарастырамыз. Өзірге уақыт белдеуінің өзгеруіне қатысты айтуға ерте. Қазір министрліктің ұстанымын айту мүмкін емес. Біз басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп алқалы түрде қабылдаған ресми ұстанымды ұстанамыз» деді Қайрат Төребаев Мәжілістегі брифингте. Оның айтуынша, петицияға дауыс беру нәтижесі белгілі болған соң мәселе қайта қаралады.

Ақпарат көздерінен

/// БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге



Валюта бағамы

\$ 440,90 zzt

€ 475,95 kzt

₺ 4,82 kzt

Ауа райы

☁️ +27° +29°

☁️ +26° +28°

ТУРИЗМГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДА СЕРПІН БАР

Айта кетейік, биыл өңірдің туристік әлеуетін арттыру бағытында нақты шаралар қабылданды. Соуір айында Еуроодақ елшілері Сыр өңіріне арнайы келіп, инвестициялық мүмкіндіктермен танысты. Аймақтың туристік тартымдылығын арттыру бағытында жана автовокзал пайдалануға берілді. «Қорқыт ата» әуежайының жана терминалы құрылысы аяқталды. Сондай-ақ туристер тасымалына қолайлы жағдай жасау үшін 100 эко-такси сатып алу жоспарланды.

Өткен жылдың қорытындысына қарағанда, ішкі туристер саны 113 мың, сыртқы туристер саны 3980 адамға жеткен. Облыста 4195 орынға лайықталған 150 орналастыру жайы бар. 2022 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 112,8 пайызға артты.

Былтырғы жазғы демалыс маусымында облыстағы 13 шағын және 2 ірі демалыс орнына 110 мың демалушы келді, 70 мыңға жуық адамды «Қамыстыбас» және «Ханқожа көлі» демалыс аймақтары қабылдады. Олардың иелеріне алдағы демалыс маусымында қауіпсіздік шараларын күшейту және санитарлық тазалық талаптарын қатаң сақтау жөнінде тиісті тапсырмалар берілді.

Қазіргі уақытта облыста 806 орынға есептелген 5 шипажай жұмыс істейді. Шипажайларға былтыр қантар-сәуір айларында 2587 адам келген.

Жол инфрақұрылымы да қарқынды дамып келеді. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің Қызылорда облысындағы бөлігінде 53 жол бойы қызмет көрсету кешені жұмыс жасайды. Былтыр туристерге тартымды орындарда 17 санитарлық-гигиеналық торап талаптарға сәйкестендіріліп, күтім ұстау шығындары мемлекет есебінен субсидияланды. Биыл 21 нысанға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін 21 млн теңге бөлінді, 14 кәсіпкердің субсидиялау туралы өтінішіне комиссия оң қорытынды берді.

1-бет



ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАЗЖЕТ

Мәжілісте сондай-ақ өртке қауіпті кезеңге дайындық барысы талқыланды. Аймақ басшысы аталған мәселе бойынша жауапты басшыларға бірқатар тапсырма берді.

– Өздеріңізге белгілі, Қостанай, Абай облыстарында болған орман өрттеріне байланысты Мемлекет басшысы өзекті мәселелерді айқындап, бірінші кезекте орман шаруашылығы мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыруды тапсырды. Облыс аумағында өрттің алдын алуға және болдырмауға мүмкіндік жеткілікті. Синоптиктер болжамына қарасақ, мамыр айында Қармақшы ауданында атмосфералық құрғақшылық, Шиелі ауданында қалыпты құрғақшылық күтілуде. Жауын-шашын тапшылығы болуы, ауа температурасының жоғарылауы мүмкін. Сондықтан ауа райы болжамына үнемі бақылау жасап, сақтық шараларын қабылдауды тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, облыстағы орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 2022 жылдан бері 1 млрд 544 млн теңге бөлінді, 2021-2023 жылдары 6 өрт сөндіру автокөлігі сатып алынды. Биыл 77,1 млн теңгеге 28 мотоцикл, 5 ағаш отырғызу агрегаты, 15 навигатор, 4 мотопомпа, 26 байланыс құралы алынбақ.

Өртке қауіпті кезеңде шалғай елді мекендердегі өрт сөндіру бекеттері жұмысын үйлестірудің маңызы зор. Себебі аудан орталығынан өрт сөндіру қызметі жеткенше, қолдағы бейімделген құралдармен әрекет етуге мүмкіндік бар. Нұрлыбек Машбекұлы өртке қарсы қызметі жоқ елді мекендердегі бекеттер мен ерікті құрылымдардың нақты жұмыс жасауын қадағалауды тапсырды.

Жиын қорытындысымен қала, аудан әкімдеріне елді мекендерде құрылған өрт сөндіру бекеттерін бейімделген ғимаратпен, құрал-жабдықтармен жарақтандыру міндеті жүктелді. Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандары әкімдері піре (өрт

болған жағдайда су алу орны) құрылысына жергілікті бюджет есебінен қаражат бөлуі псыықтауы тиіс.

Мұнан бөлек, «2021-2025 жылдары мемлекеттік өртке қарсы қызметі жоқ елді мекендерде кезең-кезеңмен өрт бекеттерін құру» жоспарына сәйкес, Сырдария ауданының «Шіркейлі» және «Ақжарма» ауылдық округтерінде бекет ұйымдастыру қажет. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына орман қоры жерлеріне жана минералдық жолалар жүргізу, ескі минералдық жолаларды қайта қалпына келтіру жөнінде тапсырма берілді. Орманда және алқаптарда өрт қауіпсіздігін сақтау, алдын алу үшін арнайы мобильді топтар құрылатын болады.

Еске салсақ, Қызылорда облысы аумағында мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы көлемі 7 млн гектар, оның 3,8 млн гектары – орманды алқаптар.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БІЛІМ ГРАНТЫ: БАСЫМДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА БАҒЫТТАЛДЫ

Кеше, яғни 15 мамырда жоғары білімнің барлық деңгейі үшін 2024-2025 оқу жылына арналған білім беру гранттарының тізімі жарияланды. 2024 жылы жоғары оқу орындарында оқуға 112 мың грант берілді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, ең көп грантты «Машина жасау, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс индустриясы» білім беру бағдарламалары тобы алған, олардың саны – 19 344. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінді, олардың саны – 19 344. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» 13 735 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына 10 903 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына 8288 грант тиесілі.

Биыл алғаш рет ішінара оқу ақысы бар сараланған гранттар енгізілді. «Педагогикалық ғылымдар» және «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» БББТ бойынша 150 сараланған гранттан бөлінген.

Сондай-ақ «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3903 грант бөлінген. Аталған жоба арқылы 4 даярлау бағыты бойынша білім алуға болады. Атап айтсақ, педагогикалық ғылымдар, инженерлік-техникалық, ақпараттық технологиялар, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түсе алады. Бағдарламаға онтүстік өңірдегі ауыл жастары қатысады. Айта кетсек, оқу бітіргесін грант өтеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға қысқартылып, өтеу орны 11 аймаққа ұлғайтылды.

Гранттар тізімінде 5000 халық тығыз қоныстанған және батыс өңірлердің жастарын жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін мақсатты білім беру гранты бар, оның ішінде гранттар Атырау және Маңғыстау облысы түлектеріне арналған.

Жалпы, бакалавриатқа түсу үшін 2024-2025 оқу жылында 79 мыңға жуық грант бөлінді. Магистратураға түсуге 13 мыңға жуық, докторантураға түсуге 1900-ден астам грант бөлінген.

2024-2025 оқу жылына арналған білім беру гранттарын бөлудің толық тізімі Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланған. «СБ» ақпарат

ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасы орталығында» мерекелік шара өтті. Оған басқарма басшылары, зиялы қауым өкілдері, «Мерейлі отбасы» байқауының әр жылдардағы жеңімпаздары мен үлгілі және жас отбасылар қатысты.



Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов жылжандарды отбасының қоғамдағы, ұлттық болмысымыз бен адами қалпымыздағы маңызына тоқталып, ізгі ниетін білдіріп, мерекелен құттықтады.

– Отбасы – қасиетті ұғым, кастерлі құндылық, сүйіспеншіліктің, құрмет пен берекенің ошағы. Ұлттық тәрбиенің, адамгершіліктің пен имандылықтың, ізеттіліктің бастауы да – отбасы. Ел

Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген. Үлкенге құрмет, кішіге ізет – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы жағдай айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әлауатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деген болатын.

Бүгінде облысымызда отбасыларға қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Қазіргі кезде 17 мыңға жуық «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иелері және 34 мыңға жуық көпбалалы отбасы бар.

Отбасы құндылықтары мен киелі шаңырақ қасиетін жас ұрпақ сана-санауына, рухани-адамгершілік тәрбиені дәріптеу мақсатында қала орталығынан облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының ұсынысымен, меценат Марат Дүйсенбаевтың қолдауымен «Анаға тағзым» орталығы салынды. Бүгінгі күні орталықта күнделікті мәдени-рухани шаралар кенінен ұйымдастырылуда.

«Отбасы орталығында» отбасылық-демографиялық саясат насихатталуда. Шаңырақ көтерген отбасыларға ең маңызды мәселе – баспана. Бұл мәселені шешуде Президенттің, Үкіметтің қолдауымен облыс әкімінің бастама-сымен ауқымды жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы 4108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынған. Нәтижесінде 2400-ге жуық пәтер табысталып, аймақта 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Биыл бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1269 пәтерлік 67 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Жыл көлемінде бұл көрсеткіш тағы да ұлғаяды, – деді Ш.Байманов.

Сондай-ақ ол «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қажат тапсыру басталғанын жеткізіп, белсенділік танытуға шақырды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҮШ ТАҒАННЫҢ ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫН ТАНЫТТЫ

Отбасындағы әке, ана, бала ошақтың үш тағаны секілді бір-бірі толықтырып тұрады. Олардың ынтымағы, түсіністігі, бір-біріне деген сүйіспеншілігі барлық кедергіден алып шығады.



Халықаралық отбасы күніне орай «Анаға тағзым» орталығының ұйымдастыруымен облыста алғаш рет «Ойтөбе» отбасылық зияткерлік квест ойыны өтті. Жобаның мақсаты – ұрпақтар сабақтастығы мен отбасы құндылығын насихаттай отырып, қарым-қатынасты нығайту.

Сайысқа 4 адамнан құралған 17 отбасы қатысты. Олар «Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйелдер», «Батыр бабалар», «Сыр елі – жыр елі», «Зиялылар», «Салтын сақтаған Сыр елі» секілді 50 сұрақтан тұратын 5 кезең бойынша бақ сынады.

Шарт бойынша қатысушы топтар қазақ халқының дара тұлғалары, салт-дәстүр, ел тарихына қатысты сұрақтарға жауап берді. Ойын барысында туралы мағлұматтарды арнайы хэштегпен әлеуметтік желіде бөлісіп отырды.

Білім бөлігесінен қорытындысы бойынша 1-орын Қашқынбаевтар отбасына, 2-орын Каукуновтар отбасына, 3-орын Байділдаевтар отбасына табысты.

«Сыр – Ана» монументінен бастау алған зияткерлік ойын «Анаға тағзым» орталығында қорытындыланды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысушыларға Алғыс хаттар мен қаржылай сертификаттар табысты.

– Осындай ауқымды жобаға талап білдіріп, қатысудың өзі – үлкен жеңіс. Ойын барысында да бір-біріңді қолдап, көмек көрсету отбасы ынтымағын танытады. Мерекелеріңіз құтты болсын, – деді басқарма басшысы.

Жиын соңында «Анаға тағзым» орталығының басшысы Алтынай Молжанова сөз алып, байқауға белсенді қатысқандарға жылы лебізін білдірді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

/// РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ

«БІЗДІҢ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ»

Халықаралық отбасы күні қарсаңында еліміздің барлық өңірінде «Біздің күшіміз – бірлікте» республикалық акциясы басталды. Акцияны Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия ұйымдастырды.

Облыс әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының үйлестіруімен су тасқынынан зардап шеккен Ақтөбе облысы Үрғыз ауданына 30 тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді. Онда төсеніш, жастық, көріне, гигиеналық заттар, балалар жоректері, ересектер және балалар киімдері, тұрмыстық заттар, азық-түлік және т.б. керекті заттар бар. Гуманитарлық көмекті жинауға қаладағы барлық мекемелер мен тұрғындар атсалды.

Арнайы іс-шараға қатысқан комиссия төрағасы, облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов және комиссия мүшелері су басқан аймақтар халқына ізгі тілек білдірді.

Еске салсақ, Сыр жұртшылығы су

тасқыны болған өңірлерге белсенді түрде көмек қолын созуда. Республикалық қайырымдылық акциясына облыстың барлық мемлекеттік мекемелерімен қатар,



ірі кәсіпорындар, компаниялар, меценаттар, партия және Қазақстан халқы ассамблеясының құрылымдары, волонтерлер айрықша үлес қосты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен Қызылорда облысынан еліміздің Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарына 738 адам, 216 арнайы техни-

ка жіберіліп, көмек көрсетілуде. «Торғай Петролеум» мұнай компаниясы 50 млн теңгенің гуманитарлық көмегін берсе, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 100 тоннаға жуық ақ күрішпен қамтамасыз етті.

Қала және аудан әкімдіктері ұйымдастырған «Күшіміз – бірлікте» акциясына облыстың жанашыр азаматтары мен волонтерлер жұмылды. Жинақтау пункттері ашылып, су тасқыны басталғаннан бүгінгі күнге дейін Сыр өңірінен 150 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жөнелтілді.

Мұнан бөлек, облысқа Батыс Қазақстан өңірін уақытша келген 103 қызыл мен 10 жетекшісі «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына орналастырылып, 5 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Ал Атырау облысының 100-ден аса тұрғыны Қызылорда қаласына орналастырылып, тиісті көмек көрсетілуде.

